

№3 (20 920)  
22 қаңтар,  
2026 жыл, бейсенбі



# Атырау

Облыстық қоғамдық-саяси газет

@ Atyrau.gazeti  
atyrau\_gazeti@mail.ru  
Атырау газеті  
www.atr.kz  
«Атырау» газеті  
atyrau\_gazeti  
Atyrau\_news  
Атырау жаңалықтары

## ЕЛДІКТІҢ ЖАУАПТЫ КЕЗЕҢІНДЕ БІРЛІК ПЕН БАЙЫПТЫЛЫҚ МАҢЫЗДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық құрылтайдың V отырысында сөйлеген сөзі



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ  
ЖАРЛЫҒЫ

Үзінді

Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларымен  
наградтау туралы

### ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. Елдің әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық дамуына  
қосқан елеулі үлесі үшін наградаласын:

Атырау облысы бойынша

III дәрежелі «Барыс» орденімен

ІЗБАСОВ Максим Шафиқұлы – Атырау облысы қоғамдық  
көшесінің мүшесі

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа  
енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Президенті

Қ.ТОҚАЕВ

Астана, Ақорда, 2026 жылғы 17 қаңтар  
№1155



ҚЫЗЫЛОРДАДА ӨТКЕН ҚҰРЫЛТАЙ МАЗМҰНЫ МЕН БАҒЫТЫ ЖАҒЫНАН БҰРЫНҒЫЛАРДАН ӨЗГЕШЕ БОЛДЫ. МЕМЛЕКЕТ  
БАСШЫСЫ ДӘСТҮРЛІ МӘСЕЛЕЛЕРМЕН ШЕКТЕЛМЕЙ, ЕЛ ДАМУЫНЫҢ ЖАҢА КЕЗЕҢІНЕ ТӨН НАҚТЫ МІНДЕТТЕР МЕН ЖҮЙЕЛІ  
РЕФОРМАЛАРҒА БАСЫМДЫҚ БЕРДІ. ПРЕЗИДЕНТ СӨЗІНДЕ ЖАУАПТЫ БАСҚАРУ, ӨДІЛЕТТІ ҚОҒАМ ҚҰРУ, АЙМАҚТАРДЫҢ  
ТЕҢ ДАМУЫ ЖӘНЕ АЗАМАТТЫҚ БЕЛСЕНДІЛІКТІ АРТТЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ КЕҢІНЕН ҚАМТЫЛДЫ. БҰЛ ҚҰРЫЛТАЙ – ҚОҒАМ МЕН  
БИЛІК АРАСЫНДАҒЫ АШЫҚ ДИАЛОГТЫ ТЕРЕНДЕТІП, ЕЛ БОЛАШАҒЫНА ҚАТЫСТЫ ЖАҢА САЯСИ БАҒДАРДЫ АЙҚЫНДАҒАН  
МАҢЫЗДЫ ЖИЫН.

(Президенттің Ұлттық құрылтайдың V отырысында сөйлеген сөзі 2-6-беттерде)

### ЭКОНОМИКА

10-11

#### Инвестор: «Береген қолым – алаған...»

МЕМЛЕКЕТ ӨЗІРГЕ ӘЛЕУМЕТТІК  
МАҢЫЗЫ БАР АЗЫҚ-ТҮЛІК  
ТҮРЛЕРІ МЕН ЖАНАР-ЖАҒАРМАЙ  
БАҒАСЫН БАҚЫЛАУДА ҰСТАП  
ОТЫР. ДЕСЕК ТЕ САРАПШЫЛАР  
СӘУІР АЙЫНАН БАСТАП ЕЛДЕ  
ҚЫМБАТШЫЛЫҚ БОЛАТЫНЫН  
АЙТЫП, ЕСКЕРТУДЕ...

### ЖАҢА ЖОБА

12

#### «Лауазымым өзгергенімен, мен өзгерген ЖОҚПЫН»

Жобаның алғашқы қонағы –  
жерлесіміз, подполковник, ҚР  
еңбек сіңірген қайраткері,  
«Құрмет» орденінің иегері  
Дархан Рақымғалиев...

### ҚОҒАМ ТАЛҚЫСЫ

13

#### «Атырау облысы Су Арнасы»: Жекеге өтсе не өзгереді?

Бытыр Ұлттық жекешелендіру  
кеңсесінің сайтында  
Атырау облысы бойынша  
жекешелендірілуі тиіс 18 нысанның  
қатарында «Атырау облысы Су  
Арнасы» коммуналдық мемлекеттік  
кәсіпорнының да аты аталған еді.

### ӨНДІРІС

18-19

#### «Шикі» жоба

Соңғы жылдары елімізде  
әлеуметтік-экономикалық  
мазмұндағы бастамалар жиі  
қолға алынып жүр. Солардың  
бірі – автолизинг жобасы. Алғаш  
естілгенде ол халықтың үмітін  
оятқан. «Автонесиенден құтылатын  
балама», «Қарапайым адамға  
қолжетімді келік», «Нарыққа  
өділ тетік» деген сипаттамалар  
қоғамда үлкен сенім туғызды...

ДОССОР КЕНТІНДЕГІ СОР АЛАҢДАРЫН  
ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ МӘСЕЛЕСІ –  
СОҢҒЫ ЖЫЛДАРЫ ӨҢІР ЖҮРТШЫЛЫҒЫ  
АРАСЫНДА ЖИІ КӨТЕРІЛІП ЖҮРГЕН ӨЗЕКТІ  
ТАҚЫРЫПТАРДЫҢ БІРІ. БҰЛ МӘСЕЛЕ ОБЛЫС  
ӘКІМІ СЕРІК ШӘПКЕНОВТИҢ ҚАТЫСУЫМЕН  
ӨТКЕН ОРТАЛЫҚ КОММУНИКАЦИЯЛАР  
ҚЫЗМЕТІНДЕ ӨТКЕН БАСПАСӨЗ  
МӘСЛИХАТЫНДА ДА СӨЗ БОЛЫП, ОБЛЫС  
БАСШЫСЫ ТҮЙТКІДІҢ КӨП ЖЫЛДАН БЕРІ  
ШЕШІМІН ТАППАЙ КЕЛЕ ЖАТҚАНЫН АТАП  
ӨТКЕН ЕДІ.

# «СОРТАҢ ЖЕР СОРЫМЫЗҒА АЙНАЛДЫ!..»

(Толығырақ 9-бетте)

# «Atamnyn Amanaty» ұйымы – ұрпақ сабақтастығының ұйытқысы

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев 2026 жылғы 5 қаңтарда «Түркістан» газетіне берген сұхбатында «Әскери қызметтің абырой-беделін көтеру және еліміздің қорғаныс қабілетін арттыру – мемлекеттің басты басымдығының бірі. Қарулы Күштерімізді технологиялық тұрғыдан жаңғырту жұмысы қарқынды жүргізіле бастады. Былтыр Ұлы Жеңістің 80 жылдығына орай өткізілген әскери шеруді шетелдік саясаткерлер мен әскери қайраткерлер жоғары бағалады, бұл іс-шара армиямыздың заманауи қару-жарақпен және техникамен, соның ішінде Қазақстанда жасалған өнімдермен толық жабдықталғанын, сондай-ақ, әскери қызметшілеріміздің дайындығы өте жақсы екенін айқын көрсетті» деген болатын.

«Atamnyn Amanaty» ұйымының миссиясы – тарихи жадыны сақтау, ұрпақтар сабақтастығын арттыру, жастарға рухани-адамгершілік және әскери-патриоттық тәрбие беру және осы бағытта мемлекетке барынша қолдау көрсету. Қазақстан сол соғыста хабар-ошарсыз кеткен азаматтарын іздеуші әлемдегі санаулы мемлекеттердің қатарынан. Майданға кетіп,

із-түзсіз жоғалғандардың саны 271 мыңнан асады. Бұл шаруамен 2019 жылдың 19 мамырында құрылған «Atamnyn Amanaty» қоғамдық бірлестігі айналысады. Содан бері ұйымның ресми сайты, әлеуметтік желілері және байланыс телефондары арқылы хабарсыз кеткендерді іздеуге 12 мыңнан астам өтініш келіп түскен. 4500-ден астам қазақстандық жауынгерлердің жерленген жерлері мен жеке бастары анықталды. Майдан даласынан табылған 23 сарбаздың сүйегі Қазақстанға жеткізіліп, әскери құрметпен салтанатты түрде жерленді.

Далалық қазба жұмыстарын жүргізуде біздің ұйымның біршама тәжірибесі бар. Біздің еріктілер жасағы Ресейдің Калуга облысы аумағындағы «Батыс майданы. Варшава тас жолы» халықаралық әскери-тарихи экспедициясына тұрақты түрде қатысып келеді. Бірер жыл бұрын біздің еріктілер 387-ші Ақмола атқыштар дивизиясы соғысқан Ульяновск ауданында жерлеріміздің құрметіне ескерткіш-белгі орнатып қайтты.

Өскелең ұрпақ өзінің өткен тарихын білуге тиіс. Мәселен, «Аталар аманатына адалмыз» атты акциясын ұйымдастыру дәстүрге айналды. Акция аясында

әрбір колледждің студенттері Қазақстанда жасақталып, Екінші дүниежүзілік соғысқа қатысқан дивизиялар мен құрамалардың тарихын, майдан жолын зерттеп, солар жөнінде ғылыми-ізденістер жұмыстарын жасайды.

«Мың естігеннен бір рет көрген артық» дейді қазақ. Сол себепті Астана қаласының бір топ студенттерін қала түбіндегі әскери бөлімдерге алып бару дәстүрге айналды. Жасөспірімдер сапар барысында қазармадан бастап, қару-жарақ, әскери техникалармен, иісілі иттермен танысып, солдат ботқасынан дәм татып, жауынгерлік өмірмен етене танысады. Бір күннің ішінде олардың әскери қызметке деген көзқарастары түбегейлі өзгерді деуге болады. Көбі бұрынғы ойларынан айнып, қажет болса Отан қорғаушысы ретінде сапқа тұруға тілек білдіріп жағайды.


Ұлы Абайдың: «Өлді деуге бола ма айтындаршы, Өлмейтұғын артында сөз қалдырған?» деген өлең жолдарын соңына шпесіз із тастап, өлмес ерлік жасаған кез келген азаматқа айтуға болатындай. Кешегі қан майданда қас дұшпанмен арыстандай айқасқан батырдың бірі – Байбол Рахметов. Зенбірек көздеушісі болған Сыр

перзентінің сүйегі сексен жылдан астам уақыт өткен соң Псков түбінен табылып отыр. Топырақ астынан өзімен бірге көзі тірісінде қаһармандығы үшін алған «Қызыл жұлдыз» ордені мен «Ерлігі үшін» медалі бірге шықты. Сүйегі Псков облысынан табылған тағы бір боздақ ол – Оңтүстік Қазақстан облысы, Шаян ауданы, Ақбастау ауылында 1921 жылы дүниеге келген Мұсахан Қалмырзаев. Оның да дерегі «Ерлігі үшін» медалінің номері арқылы анықталды.

Былтырғы жылдың басты оқиғаларының бірі – осы екі майдангердің елге оралуы деуге болады. 2025 жылдың соңғы күндері олардың сүйегі әскери ұшақпен Қазақстанға жеткізіліп, 80 жылдан астам уақыт сарыла күткен туыстарына табыс етілді. Сосын бірі Түркістан облысында, екіншісі Қызылорда облысында әскери құрметпен жерленді. Біз осы сауапты іске атсалысқан барлық азаматтарға алғыс айтамыз. Ал, «Atamnyn Amanaty» қоғамдық бірлестігінің жұмысы жаңа жылда да жалғаса бермек.

Мысалы жаңа 2026 жылға мынадай жобаларды әзірлеп, соларды іске асырудан үміттіміз:

1. Қазақстаннан шақырылған және Екінші дүниежүзілік соғысқа қатысқан солдаттар мен офицерлер туралы электрондық дерекқор құру. Ұлттық платформа нақты ақпаратты сақтап, олардың есімдерін ұрпақтарға жеткізіп, олардың үлестерін мойындауды қамтамасыз етеді.
2. Халықаралық әскери-тарихи экспедиция «Батыс Қазақстан – Сталинград шайқасының алдығы шебі». Мақсат – соғыста қаза тапқан солдаттардың және бейбіт тұрғындардың сүйектерін көтеріп, есімдерін қалпына келтіріп, ескерткіштер орнату. Бөкейорда ауданында зерттеу мен мәңгі есте сақтау қажет 40-50 бауырлас қабір бар.
3. Соғыс жылдары Қазақстан аумағында эвакуациялық госпитальдардың тарихын зерттеу, госпитальдарға жерленген орындарды анықтау,



## Ұмытпа, атаңды ізде...



+7 776 828 45 35  
+7 776 828 45 34

ata.amanaty

ata-amanaty.kz

ata.amanaty@gmail.com



оларды абаптандыру және естелік тақтайшаларын орнату. Соғыс жылдары Қазақстанда шамамен 150 000 жаралы емделді, олардың көпшілігі қаза тауып, жергілікті зираттарға жерленді.

4. Еуропада қаза тапқан қазақстандық солдаттарды іздеу. Қолда бар деректерге сәйкес, 2,2 миллионнан астам қызыл әскерлер, оның ішінде қазақстандықтар да бар, белгісіз жауынгерлер ретінде жерленген. Бұл жоба олардың есімдерін қалпына келтіріп, Қазақстанның Жәніске қосқан үлесін халықаралық деңгейде мойындауға көмектеседі.

Бұл ата-баба аманатын орындауға, ерлікті ұмытпауға, елдікті ұлықтауға, және ұлт тарихындағы тағы бір ақтандық жабуға бағытталған игілікті іс болып табылады. Өйткені өскелең ұрпақтың бойында рухани-адамгершілік құндылықтарды, отансүйгіштік сезімді қалыптастыру мемлекет басшысы айтқандай ортақ парызымыз.

Майданда хабар-ошарсыз кеткен туыстарын іздегіміз деген адамдар болса бізге төмендегі байланыс телефондары арқылы тегін өтініш бере алады: 8-776-828-45-35; 8-776-828-45-34; 8-701-999-78-20, ata.amanaty@gmail.com.

**Мұрат МОЛДАҒАЛИЕВ,**  
«Atamnyn Amanaty» ҚБ басқарма төрағасы

## Мемлекеттік қызмет: заңдылық, сабақтастық және ашықтық

Мемлекеттік қызмет – қоғам мен мемлекет арасындағы сенімді байланысты қамтамасыз ететін маңызды институт. Сондықтан бұл саладағы кадрлық саясат кәсібилікке, әділдікке және ашықтыққа негізделуі тиіс.

Мемлекеттік басқару жүйесінің тиімділігі ең алдымен адами капиталдың сапасына тікелей байланысты. Аталған қағидаттарды іске асырудың тиімді тетігі – бәсекелестік ортадағы конкурстық іріктеу екені сөзсіз. Алайда қолданыстағы заңнамада мемлекеттік қызметке конкурстан тыс тағайындау мүмкіндігі де көзделген. Бұл норма мемлекеттік органдардың үздіксіз жұмысын, сондай-ақ кадрлық ұтқырлықты қамтамасыз ету мақсатында енгізілген және оның қолданылу тәртібі мен шектері Заңмен регламенттелген.

Бүгінгі таңда Республика бойынша 91 мыңға жуық мемлекеттік қызметшінің штат бірлігі қарастырылса, соның ішінде Атырау облысында үш мыңға жуық мемлекеттік қызметші қызмет атқарады. Бұл көрсеткіш өңірлік деңгейде кадрлық тұрақтылықты сақтау мен басқарушылық шешімдердің уақытылы қабылдануының маңыздылығын айқындайды. Қазіргі уақытта Атырау облысында 253 мемлекеттік орган қызмет етеді.

Өткен 2025 жылдың қорытындысы бойынша жергілікті атқарушы органдарда 7,5 пайыз бос орын тіркелген. Бұл жағдай кадрлық процестерді жедел әрі тиімді басқарудың, сондай-ақ баламалы заңды тетіктерді қолданудың өзектілігін көрсетеді.

қызметінің икемділігін қамтамасыз ету. Әсіресе аудандық және ауылдық деңгейдегі мемлекеттік органдар үшін мұндай механизмнің маңызы зор.

Айта кету керек, конкурстан тыс тағайындау кезінде де кандидаттарға қойылатын біліктілік



талаптары толық көлемде сақталады. Қызметке тағайындалатын тұлғаның білімі, еңбек өтілі, кәсіби құзыреті мен іскерлік қасиеттері шешуші рөл атқарады.

Конкурстан тыс тағайындау меритократия қағидатына қайшы келмейді. Керісінше, бұл тетік өз ісінде жоғары нәтижелерге қол жеткізген, жауапкершілігі мен кәсіби әлеуеті дәлелденген тұлғалардың мансаптық өсуіне мүмкіндік береді.

Атап айтқанда, мемлекеттік қызметші осы мемлекеттік органда кемінде соңғы екі жыл төмен тұрған санаттағы лауазымды атқарған жағдайда, сондай-ақ қызметін бағалау қорытындыларымен қатарынан төрт тоқсан бойы «функционалдық міндеттерді тиімді орындайды» нәтижелері

болған кезде сол мемлекеттік органда жоғары санаттағы лауазымға тағайындалуы мүмкін.

Аталған тетік арқылы 2025 жылы жергілікті атқарушы органдарда қызмет ететін 30 мемлекеттік қызметші жоғары лауазымдарға көтерілді.

Конкурстан тыс тағайындау тетігі білікті жағдайда мемлекеттік қызметке тартуға да оң ықпал етеді. Мемлекеттік тапсырыс шеңберінде жоғары оқу орындарын үздік көрсеткішпен аяқтаған түлектер бір жыл ішінде аудандық және ауылдық округтердегі төменгі бос лауазымдарға тікелей тағайындала алады.

Жаңашылдық енгізілген 2023 жылдан бастап бүгінгі күнге дейін өңірімізде 24 жас түлек аудандық әкімдіктерге және ауылдық округтерге тағайындалды. Олардың қатарында Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің және басқа да жетекші жоғары оқу орындарының түлектері бар.

Бұл – өңірдегі кадр тапшылығын азайтуға, мемлекеттік басқару жүйесіне жаңа қозғалыс пен тың серпін енгізуге бағытталған нақты әрі нәтижелі қадам.

Барлық конкурстан тыс тағайындаулар уәкілетті органның келісімі негізінде жүзеге асырылады. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі және оның аумақтық департаменттері Заң талаптарының сақталуына тұрақты мониторинг жүргізеді. Заңнаманы бұза отырып қабылданған кадрлық шешімдерге жол берілмейді және мұндай жағдайлар тиісті жауапкершілікке әкеп соғады.

Мемлекеттік қызметке іріктеудің ашықтығы мен әділдігі – қоғам сенімінің басты кепілі. Осы орайда конкурстан тыс тағайындау тетігі тек Заңда белгіленген шеңберде, нақты негіздер болған жағдайда және жариялық қағидатын сақтай отырып қолданылуы тиіс.

**Нұрлан ЕРКЕБАЕВ,**  
ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Атырау облысы бойынша департаментінің басшысы, Әдеп жөніндегі кеңес төрағасы

## Мұржа – үй қауіпсіздігінің басты кепілі

Қыс мезгілінде тұрғын үйлерде пеш пен қазандық үздіксіз жұмыс істейді. Осы кезеңде мұржалардың уақытылы тазаланбауы өрт пен көмірқышқыл газымен улану қаупін арттырады. Сондықтан қыста мұржаны тазалау – әрбір үй иесі үшін аса маңызды міндет.

Мұржаның ішінде уақыт өте келе күйе, күл және жанбаған қалдықтар жиналады. Бұл түтінің сыртқа еркін шығуына кедергі келтіріп, пештің дұрыс жанбауына себеп болады. Нәтижесінде түтін үй ішіне таралып, адам денсаулығына қауіпті жағдай туындайды. Әсіресе түнгі уақытта мұндай қауіптің алдын алу өте маңызды.

Қыста мұржаларды кемінде айына бір рет тексеріп, қажет болған жағдайда тазалау қажет.

Қатты аяз кезінде мұржаның жоғарғы бөлігінде мұз қатуы мүмкін, бұл да түтінің шығуын қиындатады.

Мұржаны тазалау кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтау шарт. Мұржаларды өз бетімен өзгертуге немесе рұқсатсыз жөндеуге тыйым салынады.

Қыста мұржаларды тазалау – тек тұрмыстық шара емес, адам өмірін сақтаудың маңызды жолы. Уақытылы тазаланған мұржа үйдің жылуын арттырып қана қоймай, отбасыңыздың аمانдығын қамтамасыз етеді.

Құрметті тұрғындар өрт қауіпсіздік талаптарын қатан сақтандырады!

**Нұрсәт ХАБЕРОВ,**  
Атырау қаласы ТЖБ инженері, азаматтық қорғау аға лейтенанты

**Конкурстан тыс тағайындау: заңды әрі қажетті тетік**

Қолданыстағы Заңға сәйкес, Президенттік жастар кадр резерві, Өңірлік кадр резерві мүшелерін мемлекеттік лауазымдарға тікелей тағайындау мүмкіндігі қарастырылған. Сондай-ақ, мемлекеттік органдардың басшысы лауазымдарына, аудандық деңгейдегі және ауылдық округтердің төменгі лауазымдарына азаматтарды конкурстан тыс тағайындау мүмкіндіктері де бар.

Бұл тетіктің негізгі мақсаты – басқа сектордан таланатты азаматтарды тарту, кадрлық шешімдерді уақытылы қабылдау және мемлекеттік орган

### Хабарландыру

«Eco Counter» ЖШС қалдықтарды қайта өңдеуге арналған контейнерлік орындауға жылжымалы ғимараттар мен құрылыстар кешені бойынша 2026-2035 жылдарға арналған ҚОӘБ, ШРК, ҚКБ, ӨӘК, ІПМ жобаларына қатысты ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізеді.

**Нүктелердің координаттары:**  
47° 8'58.72" с.е.  
51°51'46.74" ш.б.  
47° 8'57.71" с.е.  
51°51'45.72" ш.б.

Қоғамдық тыңдаулар 2026 жылғы 2 наурызда сағат 11:00-де келесі мекенжай бойынша өтеді:  
Атырау облысы, Атырау қаласы, Әбілқайыр хан көшесі 51а, open space, коворкинг (Абығуы Residence тұрғын үй кешені) Қоғамдық тыңдаулар

офлайн форматта өткізіледі, сондай-ақ Microsoft Teams платформасы арқылы онлайн режимде бейнеконференциялар арқылы қосылу мүмкіндігі қарастырылған.

**Жиналысқа сілтеме арқылы қосылу:**  
https://teams.microsoft.com/join/39558232109299?x=xlGbl2NblNRPqrQm

Жиналысқа қосылу  
Жиналыс идентификаторы: 395 582 321 092 99  
Күпія код: pE9oP3xa

**Жоспарланып отырған қызметтің бастама-шысы:**  
«Eco Counter» ЖШС, заңды мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Маңғыстау облысы, Тұпқарған ауданы, Форт-Шевченко қаласы, Қошанай массиві, 22-құрылыс, пошта индексі 130500.

### Хабарландыру

Ескертулер мен ұсыныстар келесі электрондық пошта мекенжайы бойынша қабылданады:  
lp.ecocounter@gmail.com

Қоғам өкілдері қоғамдық тыңдаулардың өткізілуі туралы қосымша ақпаратты 8 701 621 41 76 телефон нөмірі арқылы ала алады.

Жобаның әзірлеушісі: мекенжайы: Атырау қ., Жерұйық ықшам ауданы, 8-үй, 3-үй, ИП Мусаева. Байланыс тұлғасы: Мусаева К., ұялы телефон: 87784060670, e-mail: e.korchunova@gmail.ru

Жобалық материалдар http://ecoorportal.kz сайтында және МНО сайтында орналастырылған.

Атырау облысы Табиғи ресурстарды басқару және табиғатты пайдаландыру реттеу басқармасы, мекенжайы: Атырау қ., Өйтеке би к-сі, 77, e-mail: atr\_priroda@mail.ru, тел.: 8(7122) 32-55-09.

### Хабарландыру

«ҚазТрансОйл» АҚ «ҚМКБ. «ҚазТрансОйл» АҚ диспетчерлік, жедел-технологиялық байланыс жүйесін жаңарту» жобасы бойынша жария талқылау нысанында қоғамдық тыңдау өткізілетіні туралы хабарлайды.

Жобалық құжаттама материалдары ҚО мен ТР ЖКТ ҰДБ (https://ndbecology.gov.kz/) «Жарияланған қоғамдық талқылаулар» бөлімінде, 2025 жылдың 29 қаңтары мен 4 ақпан аралығында қолжетімді болады.

Ескертулер мен ұсыныстар 5 жұмыс күні ішінде қабылданады. Тапсырыс беруші – «ҚазТрансОйл» АҚ, Тұран даңғылы; e-mail: A.Murtazina@kaztransoil.kz, тел.: 8-7172-79-16-63.

### Хабарландыру

«ҚазСервисГрупп» ЖШС ҚР Экологиялық кодексінің 87-бабы, 2-тармағының талаптарына сәйкес 2026 жылғы 30 қаңтардан бастап 5 жұмыс күні ішінде https://ndbecology.gov.kz экологиялық порталда 2026-2035 жылдарға арналған «ҚазСервисГрупп» ЖШС-нің өнеркәсіптік алаңында АБЗ шығарындылар көздері үшін Қоршаған ортаны қорғау бөлімі бойынша қоғамдық тыңдаулар өтетіні хабарлайды. Жобалық құжаттама пакетімен Бірыңғай экологиялық порталы сайтында танысуға болады.

Барлық ескертулер мен ұсыныстар экологиялық порталда қабылданады.